

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ  
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –  
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ  
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ  
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

II КНИГА

Қостанай, 2022

УДК 37.02  
ББК 74.00  
II 23

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Доцанова Алма Иргибаявна**, Председатель Правления - Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтурсынова, кандидат экономических наук, профессор;

**Исмуратова Галия Суиндиковна**, и.о. проректора по научно-инновационному и международному развитию Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова, доктор экономических наук, профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, кандидат педагогических наук, доцент, заведующий кафедрой педагогики и психологии ГОУ ВО Московской области «Государственный гуманитарно-технологический университет»; Почетный работник общего образования Российской Федерации, г. Орехово-Зуево, Россия;

**Чекалева Надежда Викторовна**, профессор, доктор педагогических наук, заведующая кафедрой педагогики Омского государственного педагогического университета, директор научного центра РАО, член - корреспондент РАО, г. Омск, Россия;

**Бектурганова Римма Чингисовна**, доктор педагогических наук, советник ректора по педагогическому направлению Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова;

**Ахметов Тлеген Альмуханович**, и.о. директора педагогического института им. У.Султангазина Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынов, кандидат педагогических наук, профессор;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, заведующий кафедрой педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, кандидат педагогических наук, профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, заведующая методическим кабинетом им. Ы.Алтынсарина кафедры педагогики и психологии Костанайского регионального университета им. А.Байтурсынова

II23 «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі»: 2022 жылдың 11 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтурсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022. – 365 б. = «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов»: Материалы международной научно-практической конференции, 11 февраля 2022 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, 2022. – 365 с.

ISBN 978-601-356-122-6

Жинаққа «Педагогикалық білім берудің үздіксіздігі-заманауи педагогтардың табыстылығының кепілі» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланған мәселелердің әртүрлілігі мен кеңдігі мақалалар авторлары үздіксіз білім беру саласын педагогтарды жаңаша даярлау бағдарымен байланыстырып, әр түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асырудың тиімді тәжірибесін көрсету, білім мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру қажеттілігін негіздеу, инновациялық технологиялар мен білім алушылардың тұлғалық дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау туралы зерттеулерін еңгізді. Бұл жинақ материалдары ғалымдарға, ЖОО мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагогтар мен психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Непрерывность педагогического образования – залог успешности современных педагогов». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей раскрыть сущность, тренды и тенденции непрерывности педагогического образования с учетом достижений науки и практики, показать эффективные практики реализации образовательных программ разного уровня, обосновать необходимость совершенствования профессионализма педагогов в условиях новых вызовов в образовательной практике, представить инновационные технологии и форматы психолого-педагогического сопровождения развития личности обучающихся.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

УДК 37.02  
ББК 74.00

ISBN 978-601-356-122-6

© А.Байтурсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2022  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, 2022

## ЖАСТАРДЫҢ ӨМІРІНДЕГІ АТА-АНА ТӘРБИЕСІНІҢ РӨЛІ

**Серікбай Нұрбөбек Мерекеқызы,**  
1 курс магистранты  
ғылыми жетекші: Байжұманова Б.Ш.,  
псих.ф. к., доцент,  
Қостанай қ. Қазақстан

### Аннотация

Осы мақалада жастарды тәрбиелеудегі ата-ананың негізгі рөлі туралы мәселе көтеріп отыр. Отбасындағы тәрбие ұлағаты, ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер – жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен берілетіні жайлы айтылады.

**Түйін сөздер:** жанұя тәрбиесі, мінез, ата-ана, адамгершілік, ұрпақ сабақтастығы.

### Аннотация

В данной статье рассматривается проблема воспитания молодежи в семье. Семья – главный источник хорошего воспитания для подрастающей молодежи. Нравственность, родство, милосердие, доброта, порядочность – все это ребенку прививается через воспитание в семье.

**Ключевые слова:** воспитание молодежи, характер, родители, нравственность, семья, преемственность поколений.

### Abstract

This article examines the upbringing of young people in the family. The family is the main source of good upbringing for young people. Morality, feelings of kinship, mercy, kindness, decency – all this is instilled in a child through the upbringing of parents in the family.

**Key words:** education of youth, character, parents, morality, family, continuity of generations.

Абай атамның жетінші қара сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Екіншісі – білсем екен деп ұмтылып, одан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?» «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. [1, 176]. Мұның бәрі «жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен.» деген үлкен пәлсәпалық ой жатыр. Яғни, балаға туғаннан тән азығы – тамақ қандай қажет болса, жан азығы – жылулық, сүйіспеншілік те сондай қажет.

Қай заманда, қандай қоғамда болсын отбасындағы бала тәрбиесі аса өзекті мәселелердің бірі болған. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің бастапқы негізгі ұйытқысы да ата-ана болып қала беретіндігіне еш күмән жоқ. Отбасы – Адам баласының алтын діңгегі, ыстық ұясы. Өйткені, адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, алдымен тәрбие алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті әрі қасиетті алтын бесігі болып есептеледі. Бүгінгі таңдағы жаһандану үрдісіне қадам басқан жаңа ғасырда әр халық, әр ұлт дінін, тілін, мәдениетін, тарихын мейлінше сақтап қалуға тырысып жатыр. Олай болса, тіл, дін, әдебиет, мәдениет, салт-дәстүр – баланың ой-санасын қалыптастыруға, өзінің қай ұлт өкілі екенін біліп өсіп, үлгі-өнеге алуына орасан зор әсерін тигізеді.

Міне, отбасындағы тәрбие ұлағаты да осыдан басталады. «Ел болам десең, бесігіңді түзе», дейді ұлы Мұхаң (М.Әуезов). Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты – балада» деген екен. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты – тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні – өз ұрпағы. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз – ата-ана. Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер – жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Халқымыздың қанында жер жүзіндегі басқа халықтарда сирек кездесетін теңдесі жоқ адалдық, кеңпейілділік, ақкөңілділік, қонақжайлылық сияқты адами қасиеттер басым екендігі даусыз. Ерте кезден-ақ әрбір халық балаға тәрбиені оның бесікте жатқан кезінен бастап, халықтық жырлар мен әңгіме, ертегілер арқылы бере бастаған. Атам қазақ ежелден тәрбие ісінде басты-басты сегіз түрлі мәселені қамтыған. Біріншіден, тәрбие басы алдымен әдептілікті үйретуді көздеп, әдептілік мәселесін басты міндет етіп қойған. Екіншіден, мейірімді болуға тәрбиелеген. Өйткені, мейірімді адам қашанда

қайырымды болады. Үшіншіден, тіл алғыш, елгезек бол деп үйреткен. Бұл баланы еңбекке баулудың алғашқы белгілері. Төртіншіден, адалдық пен шындыққа тәрбиелеу. Бесіншіден, білгір бол, ұстаз бен ғалымның, көпті көрген данышпан қарияның сөзін тыңда, ақпа құлақ болмай, құйма құлақ бол дегенді бойларына сіңірген. Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы, сол арқылы қоршаған ортаны, айналаны сыйлауды басты міндет етіп қойған. Жетіншіден, кісі айыбын ешқашан бетіне баспа деген. Бұл кемшілікті мүлдем айтпау деген ой емес, адамға Алланың салған кемдігін айтпа деген. Сегізіншіден, «Ел намысы – ер намысы» болуы керек. Сондықтан, ел қорғаны – батыр бол, халық алдында адал қызмет ет, бойыңдағы бар талант, күш-жігеріңді халқыңа жұмса, намысшыл бол дегенді санасына сіңірген. Бұл айтылғандар бала тәрбиесі, яғни адам тәрбиесі – тек бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті екенін танытады. Осыны меңзеген әл-Фараби бабамыздың «Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие берілуі керек. Онсыз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзінің астарында терең мән жатыр. Өйткені, отбасы – сол адам өмір сүрген кез келген қоғамның, мемлекеттің құрамдас бөлігі, іргетасы ретінде қарастырылған. Шындығында да ата-ана – отбасындағы әке айбыны бала тәрбиесінде басты тұлға. Олар өз баласын тәрбиелеуде оны дербестікке, біреуге тәуелді болмауға, өз бетінше күн көруге, мақсатты түрде өмір сүруге бағыттап тәрбиелейді. Бұл игілікті іс, тіпті, баланың ана құрсағында жатқан кезден бастап жүргізілуі қажет. Одан баланың дүниеге келуі, қаз-қаз басып жүруі, өсуі, өнуі, ата-бабасының өміріндегі еңбек және қоғамдық іс-әрекеттердің сан жылдардан бергі тәжірибесінен өнеге алуы, оны құрметтеуі, қоршаған ортасын танып, онымен қарым-қатынас жасауға өз бетінше дағдылануы, жақсысынан үйренуі, жаманынан жиренуі ескеріліп отырады. Мұны данышпан Абай он тоғызыншы қара сөзінде «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», – деп түйіндейді.

Қазақта «Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, ал бала – жағасында жайқалып өскен құрақ» дейтін даналық сөз бар. Осы мақал арқылы халық отбасын құрайтын үш құрамдас бөлікті айрықша ескертіп отыр. Отбасында басты мәселелердің бірі – баланың тіршілік іс - әрекетін дұрыс ұйымдастыру. Ол үшін баланың күн тәртібі, жеке басына қойылған талаптар, міндеттер, үй еңбегіне араласуы, білімі, қызығушылықтары, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруына көмектесіп ықпалын тигізу. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау – ата-ананың басты парызы. Осы орайда еске түсетін жайт, халқымыз ежелден бала тәрбиесіне көңіл бөлген, болмысынан бекзат, тумысынан текті халық.

Осы тектіліктің түп негізінде ұрпақ тәрбиесі, яғни ұлттық тәрбие деген ұғым жатқаны ойға оралады. Бұл ұғым да біз үшін аса қасиетті де қастерлі. Өйткені, біздің ұрпақтарымыз – ата салт-дәстүрмен сусындаған, осы ұлттың тәрбиесімен жетіліп, туған тілімен санасы оянған азаматтар. Олар өскен соң, қоршаған ортаның ішкі құпиясын ғылым жолымен сезініп білмесе де, жапан дала, құла түзде жолсыз жерлермен жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап бағыт алып, адаспай кете беретін болған. Жастайынан-ақ есту, көру сезімдері шынығып, алыстағыны болжайтын, жоғалғанды табатын ізшіл де, құралайды көзге ататын мерген болған. Ұл демей, қыз демей отбасындағы тәрбие жұмысында әкенің орны ерекше болуы тиіс. Ұлы Абай «толық адам» тәрбиелеудегі әкенің ізгі қасиеттері, оның адамгершілігі, еңбексүйгіштігі, отбасына, жарына деген сүйіспеншілік сезімі үй ішін нұрландырып тұрса, ері ақылды, әйелі көркем мінезді болып, тату болса, онда үй жұмаққа айналып, балалар жақсы мінезге, игі қасиеттерге тәрбиеленетінін атайды. Халқымыздың «Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» дейтіні де сондықтан. Мұны Майлықожа ақын: Жыласаң көңілі жүдеген, Қуансаң тасып үдеген. Көрігіңе көңілі өсіп, Құдайдан өмір тілеген, Атаң – қыбыла қамқорың, десе, ал ана туралы: «Тоғыз ай он күн көтерген, Еңбегінде еті өлген. Бейнет татқан төтеннен, Зиярат қылып сыйынсаң, Кем емес анаң, қыбыла Мекеңнен», деп жыр арнаған. Шығыс поэзиясының аса көрнекті өкілі Әлішер Науаи әкені – күнге, ананы – ай, жұлдызға балап, әспеттейді. Сондықтан ұрпақ тәрбиесінде «әлемнің жарығын сыйлаған, даланың бар гүлін жинаған» әйел-ананың орны да орасан. Өйткені, жалпы адамзат баласының тыныс-тіршілігін, оның өсіп-өніп дамуын аналар-әйелдер қауымынсыз көзге елестету еш мүмкін емес. Мұхаң (Мұхтар Әуезов) «Адамдықтың негізі – әйел, ертеде әйелден бала туып, ол балалардың бәрі де жастық қорғансыздықтан анасының айналасында үйіріліп, үй ішінің бірлігін, одан туысқандық ұйымын енгізген. Әйел – ана. Әйелдің адам баласының ұрпағын өсіретін қарызы бар. Және қазақтың түсінуінше әйел – үй ішінің жарастығы, үй ішінің ұйытқысы. Онсыз еркектің өмірі – гүлсіз өмір» деген тұжырым жасайды. Жер бетіндегі кез келген халықтың өз алдына ұлт болып ұйысуына, жеке халық, егемен ел, дербес мемлекет болып қалыптасуына әйел-аналардың сіңірген еңбегі зор деп айтуға болады. Айталық, тарих қойнауына назар салып көрсеңіз баяғы Тұмар ханым, Роксана, Ұмай ана, Зарина, кешегі дастан-жырлардағы Гүлбаршын мен Құртқа, Ақжүніс пен Назым, Қыз Жібек пен Баян сұлу, Айман-Шолпан, бертіндегі Айша бибі мен Абақ ана, Домалақ ана мен Қыз ене, таңбалы тарихымыздағы Хорезмшахтың әйгілі қайраткер анасы Түркен хатун, Қасым ханның анасы Жаған бике, Тәуке хан мен Есім ханның аналары

Жақсы бике, ұлы Абай тәрбиесін көрген Зере мен Ұлжан, қол бастаған Бопай ханым, ел би-

леген Айғаным, Ұлпан, Елбасымыздың анасы – Әлжан анамыз есімдері ел өмірінде алтын әріптермен өрнектелген. Ұрпақ тәрбиесінде, әсіресе, қыз бала тәрбиесінде ананың ықпалы ерекше. Өйткені, абзал аналар «жатжұрттық» қыз бала бойжеткен кезде оның жеке шаңырақ құрып, отау тігуіне, іс тіктіріп, үй шаруасын жайғастыруына өнеге көрсеткен, тәрбие тағылымын берген. Сондықтан да халқымыз асыл аналарды қадірлеп, өздеріне жар іздеген бозбала, жігіттерге сондай аналардың қыздарына көз салуды, «анасына қарап қызын ал» деген тұрғыда бағыт-бағдар берген. Мұндайда жастардың болашақ қалыңдығын тек ажар-көркі мен сұлу сымбатына қарай бағаламай, оның адамгершілік асыл қасиеттеріне, кісілік келбетіне, ішкі рухани жан дүниесіне, ақыл-парасаты мен көргенділігіне, тектілігі мен тәрбиелілігіне айрықша көңіл бөлген. Ал, бүгінгі қоғамымыздағы қыз балаларды тәрбиелеудегі талап-тілектер бұрындағыдан да жоғары. Өйткені, қазіргі кезеңде қыз балалар тек отбасы, ошақ қасында ғана емес, үй шаруасымен бірге қоғамның белсенді мүшесі ретінде күнделікті өмірдің сан-салаларындағы басқа да іс-әрекеттер мен қызметтерді үйлесімді әрі ұтымды ұштастыра білуге әзір болуы қажет. Мұнда ең бастысы қыз баланың білімді болғаны орынды. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты. [2, 56]. Ең алдымен, біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек. Олар – болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтың шырақшылары. Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-ші бабындағы 1-2 тармақта отбасы мен ондағы балаға берілетін тәрбиеге байланысты: «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі міндеті», деп айрықша атап көрсетіледі. Ал кезінде қазақтың біртуар ұлы Міржақып Дулатов «Надандық құрбаны» атты мақаласында былай деген болатын: «Жылқы біткен дүлдүл болмайды, құс біткен бұлбұл болмайды, адам баласы да солай. Жұрттың бәрі шешен, әнбоз, ақын, данышпан болып туа бермейді. «Күйсіз көңіл жүгірмейді» деген бар. [3, 216].

Дүлдүлге де күй керек, бұлбұлға да жайлы орын, көңілді бақша керек. Ал адам баласы бәрінен де артық күй таңдайды. Тумысында зеректік болса да, ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Бұл күнге шейін бізде мұны ескерген қазақ жоқ. Сондықтан бізде оқыған көп, бірақ шын ғалым жоқ. Хатшы көп, жазушы жоқ. Арызшы көп, адвокат жоқ. Сөйлеуші көп, шын шешен жоқ. Бізде өнер, ғылым, әдебиет кенже қалып тұрған себебі де осы, бұл баптарда өз кісілері болмау себепті деп ойлаймыз». Бұл пікір ХХ ғасырдың бас кезінде айтылса да, бүгінгі ұрпаққа дәл бүгін, дәп қазір айтылғандай терең ой салады. Қазіргі жағдай осының бәріне қарама-қайшы. Қазір оқымаған адам жоқ, қазір ғалым да, шешен де, көсем де, басқа сала мамандары да көптеп саналады. Алайда, Міржақып атамыз айтқандай, оқығандардың арасында әлі де «нағыз оқыған» жастардың сирек кездесетіні тағы да жасырын емес. Бұл мәселеде «ержетеді десе, кері кетеді» деген сөздің қисыны келіп тұрғандай. Дүние жүзі халықтары әлемдік өркениетке бағыт ұстап, кеше ғана аты мен заты белгісіз мемлекеттің жастары дүр көтеріліп, өздерінің оқыған және тоқыған білім-білік, күш-қайраттарымен өзгелерді тәнті етіп жатқанда, біздің ұлттың жастары туралы аздап ойланып қалатын тұстарымыз аз болмайды. Бұл сәтте өткен тарихының бәрі сұрапыл соғыс, екі күннің бірінде табиғат алапатымен алысып, небір қиямет-қайымдарды бастарынан өткеріп жатқан көршілес күншығыс елі – жапон жастарының тәлім-тәрбиесі ешкімді де бейжай қалдырмаса керек. Бұл күндері әлемдік педагогика ғылымы зерттеп, оқып-үйренуге талпынып жатқан осы елдің жас ұрпақ тәрбиесіндегі ғажайып сырларының бірі – халқының тарихи-этникалық мұрасын, ұлттық әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін саналы түрде сақтап қалуға тырысуында екен.

Жастар тәрбиесіндегі отбасы мен ортаның, қоғам мен мемлекет мүддесінің бірізділігі бүгінгі таңда ауадай қажет екенін жоғарыда айтып өттік. Бұл ретте бүгінгі күнгі ұрпақ тәрбиесінде жіберілетін олқылықтар ертең орны толмас өкінішке алып келмей қоймасы анық. Сондықтан мемлекет идеологиясындағы жастар функциясының алатын рөлі мен орны уақыт талабына сай үнемі қайта қаралып отыруы тиіс, яғни билік арасында жастарға деген сұраныс, берік ынтымақтастық пен терең түсіністік болуы қажет. Қоғамның қай саласында болсын жастардың ашық өз үндерінің болуы, оған тікелей әсер ететін бұқаралық ақпарат құралдарының тәрбиелік мәніне терең ден қойылуы тиіс. Жастардың түрлі жат ағымдардың жетегінде кетуінің алдын алу жолдарын қарастыру ретінде ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеуді дұрыс жолға қоя білу керек. Қазіргі жастар арасында жиі кездесетін өзіне-өзі қол жұмсау – суицид індетінің алдын алу жолдары, яғни бала психологиясындағы өзгерісті отбасында, ортада үздіксіз бақылау, қадағалап отыру қажет. Қоғамдағы жастардың өз орындарын таба білмеуіне байланысты оларды жұмыспен қамту орындарының бүгінгі таңдағы қызметін қайта қарап, оны жан-жақты жетілдіру керек. Дағыстаннан шыққан аварлық ғаламат ақын Расул Ғамзатовтың «...Өткенге топырақ шашсаң, болашақ саған тас атар» деген ұлағатты сөзінің астарында қаншалықты терең мән-мағына жатқаны бәрімізге ой салуға тиіс. [4, 1126].

Өткен бабаларымыз бізді тәрбиеледі, біз сол үрдісті жалғастырып келеміз. Ал болашақ тәрбиесі ендігі жерде жастардың қолында. Ұрпақтан-ұрпаққа ұласып келе жатқан ұлттық тәрбиенің мәйегін мирас етіп ғасырдан-ғасырға жалғастыру – ата салтты ұлықтағандардың еншісінде екендігі ақиқат. Баланың шыр етіп өмірге келуі-зор қуаныш. Өйткені, бала өмірдің сәні, отбасының шаттығы, Аллақтың берген сыйы. Дана қазақ тоғыз ай құрсақта жатқан сәбиді шілдеханамен қарсы алып, тербелген тал бесікке салған. Бесік жырымен әлдилеген, алақанға салып аялаған. Тәрбиесіне

жауаптылықпен қарап, бойына жақсы қасиеттер сіңіруге тырысқан.

Отбасында негізгі туыстық қатынас – ерлер жағымен есептелген. Сонымен қатар әйел жағымен де туыстық байланыстардың атаулары бар. Қыздан туған балаларды жиен деп атап, балалар үшін шешесінің туыстары нағашы, нағашы жұрт деп аталды. Қазақ салты бойынша жиенді ренжітуге болмайды, сұрағанын беріп, көңілін жықпауға тырысқан. Дәстүрлі қоғамда ата-ананың тәрбиесін көрмей өскен бала болмаған. Ата-аналар жыр, дастан, ертегі айтып немере-шөберелерін рухани байытып тәрбиелеп отырған. [5, 396].

Қазақтың ежелгі дәстүрі бойынша тұңғыш немересін атасы мен апасы өз қолына алып, немере ыстық болғандықтан балаларынан да артық көріп, тәрбиелеген. Тұңғыш немерелер ата-апасын өз әке-шешесіндей санап, туған әке-шешесін тек қана өскеннен кейін де танып жатады. Кейде тұңғыш немересі кенже ұлының орнына, атасының қара шаңырағына ие болып та қалатын жәйт кездеседі. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-кұлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата – аналар «Екеуіміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шеше үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті-үстіне темекі тартқандар бар.

«Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзін жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындаулына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Осылай баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Кәсібі, тіршілігі мал шаруашылығы болғандықтан бала 6 – 7 жасынан-ақ ат құлағында ойнаған. Оқу-сызу өнеріне машықтанбаса да, бір естігенін қалт жібермей жадында сақтайтын құйма құлақ болып, есте сақтау қабілеттері аса жоғары дәрежеде дамыған. Сондықтан әке – отбасының тәрбие жұмысындағы маңызды орын алатын тұғырлы тұлға. Әкенің бар бітім-болмысы, мінез-кұлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, білім-білігі – баланың көз алдында күнделікті үлгі-өнеге алатын, соған қарап бой түзейтін негізгі нысанасы. Біз Қазақстан қыздарының сапалы білім алып, жақсы жұмысқа ие болуы және тәуелсіз болулары үшін барлық жағдайды жасауымыз қажет.

Халқымыз «қыздың жолы жіңішке» дегенге ерекше мән беріп айтады. Бойжеткеннің жолы, қыздың жолы – қылдай, оны үзуге болмайды. Бойжеткен, әйел заты әрдайым біздің қоғамымыздың тең құқылы мүшесі, ал ана – оның ең ардақты тұлғасы. Біз әйел затына – анаға, жарға, қызға деген қапысыз құрметті қайта оралтуға тиіспіз», – деп бұл мәселеге үлкен мән бере тоқталады.

Жастар тәрбиесіндегі ата-ананың орны мен рөлі туралы айтқанда, халқымыз тұрмысында сан ғасырлардан бері қалыптасқан тәрбиеге қатысты ұлттық рухани құндылықтарымыздың, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріміздің, ана тіліміз бен әдебиетіміздің, мәдениетіміз бен тарихымыздың терең тағылымын ескергеніміз абзал. Отбасындағы ата-анаға байланысты айтылатын мақал-мәтелдер мен афоризм сөздердің барлығы алған тақырыбымыздың үй тәрбиесіндегі терең мәнін, айрықша маңызын аша түседі. Мәселен, «Ана тілін алмасаң – арың кетеді, әке тілін алмасаң – барың кетеді», «Әке – тірегің, ана – жүрегің», «Әке тұрғанда бала сөйлегеннен без, ана тұрғанда қыз сөйлегеннен без», «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы», «Бір бала бар жасық туады, бір бала бар әкесінен асып туады», «Әкесіз бала – панасыз балапан», «Әкеңнің төріне сенбе, маңдайыңның төріне сен», «Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді», «Атадан – ұлағат, анадан – инабат», «Аталар сөзі – ақылдың көзі», «Атасыз үй – батасыз, анасыз үй – панасыз», «Ата салтың – халықтық қалпың», «Ата көрсеткен жолымыз бір, ана тіккен тонымыз бір», «Жақсы әкенің аты балаға қырық жыл азық» деген секілді тағы басқа толып жатқан қанатты сөздерді бала, жас ұрпақ отбасынан бастап естіп өскені жөн. [6, 756]. Осы ретте бұл мәселенің түп-төркіні имани тәрбиеде, діни қағидаттарда жатқанын еш ұмытуға болмайды. Оның тамыры тым терең діни негіздерде екенін, ол іргелі төрт діннің қасиетті кітаптары – Таурат, Забур, Інжіл, Құран ұстанымдарында бекітілгенін айтқан жөн. Ислам ілімінде ата-анаға құрмет көрсетуге байланысты олар Құрани-Кәрімнің «Ниса», «Лұқман», «Исра», «Мұхаммед», т.б. сүрелері мен Мұхаммед нәби салаллаһу ғалейһи уассаламның хадис-шәріптерінде молынан келтірілетінін аңғарамыз. [7, 686].

Айталық, әдеттегі намаздың соңында оқылатын тиләуәт-дұғалықтардағы «Раббана ағфирли уәли уәлидәййә уәлил мумининә иәумә иәқұмүл хисаб» «Иә, Жаратушымыз, менің ата-анамды және бүкіл мұсылмандарды есеп күні кешіре гөр», деген сырлы сөздер айтқан ойымызды нақтылай түседі. [8,б.18]. Баланы өмірге бейімдеуде ата-ана тәрбиесінің артында ұлт тәрбиесі, мемлекет тағдыры

жатады. Осы бағытта отбасы тәрбиесімен қатар оқу орындарының, ондағы ұстаздардың ықпалы мен орны қашанда да айрықша. Ата-ана мен әлеуметтік орта бірлесіп жұмыс істеген жағдайдың нәтижесінде ғана тәлім-тәрбиедегі көргенділік пен жарасымдылық, үйлесімділік пен бірізділік орын тбатын үрдіс болып шығады. Қорыта келгенде, баланың қоғамдық-әлеуметтік дамуы отбасында өз орнын алуынан басталады. Бүгінгі қоғамда да жастар тәрбиесіне деген көзқарас өте ерекше, олардың тағдыры болашақпен, қоғамның дамуымен тығыз байланысты екендігі анық.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Оқушылардың ғылыми қоғамдарын ұйымдастыру және республикалық ғылыми жарыстарын өткізуге әдістемелік нұсқаулар. Астана 2007. – 17 б.
2. Қазақстан Республикасы Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы бастауыш білім. – Алматы, 2002. – 5 б.
3. Шадриков В.Д.О содержании понятий «способности» и «одаренность»// «Психологический журнал», Т.4. №5, 1983 – 21 б.
4. Рубинштейн С.Л.Основы общей психологии. Т.1-4. М., 1989. -112 б
5. Бухвалов В.А.Развитие учащихся в процессе творчества. «Педагогический поиск», 2000. -39 б.
6. Беспалько В.П.Слагаемые педагогической технологии. «Педагогика», 1989 -75 б.
7. Көшімбетова С.А. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары.-68 б.
8. Базарбаева Н.А. Педагогикалық кеңес// М.Қозыбаев атындағы Солтiстік Қазақстан мемлекеттік университетінің хабаршысы/ /, 2009.№1-18 б.

ӘӨЖ 372.862

### БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЕҢБЕК ФУНКЦИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

**Слам Айгүл Сәрсенәлқызы,**  
магистрант

ғылыми жетекшісі: Ниязова Гүлжан, п.ғ.к., доцент  
Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

#### Аннотация

Мақалада болашақ мұғалімдерінің еңбек функциясында әлеуметтік – коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру мәселесінің кейбір аспектілері көрсетілген. Әлеуметтік коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастырудың құрылымы, негізгі компоненттері, қағидаттары мен тетіктері келтіріліп, талқыланған. Болашақ мұғалімдердің әлеуметтік коммуникативтік құзіреттілігін түсінігі және оны дамыту деңгейлері айқындалып, мазмұнды сипатталған. Жалпы түсінік негізінде зерттеу әдістері, эксперимент негізінде алынған нәтижелер, мәселелер және оларды шешудің жолдары талданып, сипатталған.

**Кілттік сөздер:**әлеуметтік-коммуникативтік құзіреттілік, кәсіби құзіреттілік, болашақ информатика мұғалімдерінің еңбек функциясындағы әлеуметтік-коммуникативтік құзіреттіліктері.

#### Аннотация

В статье освещаются некоторые аспекты формирования социально-коммуникативных компетенций в работе будущих учителей. Приводятся и обсуждаются структура, основные компоненты, принципы и механизмы формирования социальной коммуникативной компетенции. Определено и подробно описано понятие социальной коммуникативной компетентности будущих учителей и уровни ее развития. Анализируются и описываются методы исследования, основанные на общей концепции, результаты, полученные на основе эксперимента, проблемы и пути их решения.

**Ключевые слова:** социально-коммуникативная компетентность, профессиональная компетентность, социально-коммуникативные компетенции будущих учителей информатики в трудовой деятельности.

#### Annotation

The article highlights some aspects of the formation of social and communicative competencies in the work of future teachers. The structure, main components, principles and mechanism of formation of social communicative competence are given and discussed. The concept of social communicative competence of future teacher and the level of its development are defined and described in detail. Research methods based on the general concept, the results obtained on the basis of the experiment, problems and ways to solve them are analyzed and described.

**Keywords:** social and communicative competence, professional competence, social and communicative competencies of future teachers of computers science in the work function.